

Қатысқан -5

Күн тәртібінде :

- 1.Әдістемелік бірлестіктің жоспарымен танысу, оны талдау.
2. Жаңа оқу жылының нұсқау хатымен танысу.
3. Жылдық тақырыптық күнтізбелік жоспарларын қарау, бекіту.
- 4.Оқу- тәрбие жұмысының жоспарын бекіту.
5. Орфографиялық ережелер. (пән бойынша сақталатын талаптар)
6. Әр түрлі мәселелер.
- 6.1. Мұғалімнің өз білімін жетілдіру жоспарын толықтыру.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының м.а. А.К.Хамитова сөз алды. Өз сөзінде биылғы оқу жылын 4 сыныппен бастағалы отырғандығын , оның ішінде 1-еуі даярлық сынып екенін айта отырып, алдымызда келетін білім күніне барлығымыз дайындалуымыз керек . Әсіресе , бірінші сыныптың мұғалімі келген бүлдіршіндерді дұрыс қабылдап, оларды салтанатты жиынға түгел алып шығу керек екенін баса айтты. Сонымен қатар 2024-2025 оқу жылына жасалған әдістемелік бірлестіктің жоспарымен таныстырып, оны жеке-жеке талдап өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Л. А.Хамитова жылдық тақырыптық күнтізбелік жоспарларын бекіту үшін алдымен биылғы оқу жылына келген нұсқау хатпен таныстырып өтті. Ондағы негізгі материалдарға тоқталып өтті

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша бірлестік мүшелері бастауыш сыныптары бойынша орфографиялық ережелері мен талаптарды бір ауыздан келісіп жүйеледік.

Дәптер сыртын 1-2 сыныпта сыртын компьютермен мұғалім толтырып береді. Оқушылардың қаламдары көк түсті сия болуы керек. 1, 2, 3 сыныпта кіші жол дәптерлеріне, 3сыныптың екінші жартыжылдығынан бастап және 4 сыныпта үлкен жол дәптерге жазуы қажет.

5. Күнделік:

- Барлық сынып оқушыларында күнделік болуы керек;
- күнделіктің сырты біркелкі толтырылып қапталуы қажет
 - Апта сайын ата-ана мен мұғалім тексеру арқылы қолдары қойылуы тиіс;
- Үй тапсырмасының толық толтырылуын талап ету керек;
 - 1,2,3,4 сыныптар үшін күнделікке кері байланыс қызыл қаламмен, өткен тақырыптар бойынша апта соңында жазылады.

Биылғы оқу жылында бастауышта мынадай сыныптар бар:

1 «А» - Тілеуова О.Қ.

2«А» - Шамуратова И.Ғ.

3«А» - Жұмабекова Н.Қ

4«А» - Хамитова Л.А.

Мектепалды даярлық тобының мұғалімі:Долда Нұрбану Бастауыш сыныпта 4 сынып бар екенін білесіздер, соның ішінде даярлық сыныптан басқа сынып мұғалімдері сынып жетекшілік қызметтеріңізді де атқарасыздар.

Мұғалімнің өз білімін көтеру жоспары төмендегідей бағытта жүйеленсін:

- Идеялық- теориялық білімін жетілдіру.
 - Әдіс-тәсіл мен әдістемелік шеберлікті жетілдіру
 - Сынып жетекшісі ретінде;
 - Шығармашылық жұмысты жетілдіру.
- мәдени-ой өрісін кеңейту.

Бірлестік отырысының шешімі:

1. 2024-2025 оқу жылына жасалынған бастауыш сынып бірлестігінің әдістемелік жоспары бекітілсін;
2. 2024-2025 оқу жылына берілген нұсқау хатпен бағдарламаны басшылыққа ала отырып , пән мұғалімдерінің күнтізбелік тақырыптық жоспарлары жасалынып, түсінік хаттарымен бірге бекітілсін;
3. Бастауыш сынып мұғалімдерінің жылдық, тақырыптық, күнтізбелік жоспарлары тексеріліп, 2042 жылғы 29 тамыз күнімен бекітілсін;
4. Оқу тәрбие жұмысының жоспары құрастырылып бекітілсін;
5. берілген оқулықтар әр сыныптың әлеуметтік жағдайына қарай оқушыларға дұрыс бөлініп, уақытында таратылсын.
6. Оқу тәрбие жұмысындағы қолданылатын оқушының дәптер, күнделік ұстаудағы аталған негізгі талаптарды басшылыққа алынып орындалсын;

6.1 Жаңадан келген оқушылардың іс-құжаттарын түгендеу әр сынып жетекшісінің міндетіне жүктелсін;

6.2. мұғалімнің өз білімін жетілдіру жоспары жасалынып, жыл бойы жүйеленіп, жинақталсын;

Ә.Б жетекшісі :  Л.А. Хамитова
Бірлестік хатшысы:  Тілеуова О.Қ.

Қатысқан -5

Күн тәртібінде :

1. Оқушылардың зияткерлік шығармашылық әлеуетін дамыту арқылы білім беру сапасын арттыру
2. «Алтын тұғыр» бастауыш сынып мұғалімдер олимпиадасы
3. Алтын сақа» математикалық олимпиадасы (3-4 сыныптар)
Аудандық кезең.
4. Оқушыларды онлайн сайыстарға қатыстыру
5. Тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарын алу, модерация жасау

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының м.а. А.К.Хамитова сөз алды. Өз сөзінде биылғы оқу жылының бірінші тоқсанның қорытындысын айта отырып, келесі екінші тоқсанда бастауыш сынып оқушыларының оқу сапасын арттыру керек екенін айтты. Сонымен қатар бірінші тоқсанда жеткен жетістіктер айтылды.

Екінші мәселе бойынша «Алтын тұғыр» бастауыш сынып мұғалімдері арасынан үш мұғалім олимпиадаға қатысып, жүлделі орындар иеленіп келгені айтылды. Тілеуова О.Қ. 1 сынып мұғалімі екінші орын, Хамитова Л.А. 4 сынып мұғалімі үшінші орын және Сағынбаева Г.А. сертификатпен марапатталды.

Үшінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Л.А.Хамитова сөз алды. «Алтын сақа» аудандық олимпиадасына оқу ісінің меңгерушісінің м.а. А.К.Хамитованың қатысуымен зум арқылы қатыстық. (ауа-райының қолайсыздығына байланысты) Аудандық кезеңнен 4 сынып оқушылары Ақылбайұлы Иса, Берлибекұлы Нұрқанат 75-76 ұпай жинап екінші орынды иеленді және Рақымжанов Батырбек Сертификатпен марапатталды. Сонымен қатар 3 сынып оқушылары Мақсұтбек Шыңғыс үшінші орын, Уалихан Балауса мен Жамбыл Даниял Мақтау қағаздарымен марапатталды.

Төртінші мәселе бойынша бастауыш сыныптың оқушыларын көбірек онлайн сайыстарға қатыстыру болды. Осы тұрғыда 4 сынып оқушысы Ақылбайұлы Иса Республикалық «Дара бала» журналының қолдауымен ұйымдастырылған «Алтын күз» байқауына «Көркем сөз» аталымы бойынша қатысып Дипломмен марапатталды, сонымен қатар сыйлық алды. Пән олимпиадасына математика мен қазақ тілінен «Алтын қыран- ерекше дарын иесі» Берлибекұлы Нұрқанат қатысып Сертификатпен марапатталды.

Бірлестік отырысының шешімі:

1. Бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыру;
2. Бастауыш сынып мұғалімдеріне аудандық, облыстық сайыстарға қатысу;
3. Оқушыларды аудан көлемінде сайыстарға қатыстыру, жүлделі орындарға талпындыру, қосымша дайындық жүргізу;
4. Республика көлемінде ақысыз онлайн сайыстарға, пәндік олимпиадаларға қатыстыру;

Ә.Б жетекшісі :  Л.А. Хамитова
Бірлестік хатшысы:  Тілеуова О.Қ.

Қатысқан-5

Күн тәртібінде:

1. Бірінші жартыжылдық бойынша білім сапасын қорытындылау, бақылау жұмыстарын, жазба жұмыстарын талдау.
2. Сыныптан тыс іс-шаралар, сайыстар және жоспар бойынша өтілген сынып сағаттарын талдау.
«Математика және логика» сайыс өткізген Жумабекова Н.Қ.
3. Баяндама «Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін арттыру жолдары» Тілеуова О.Қ.
4. «Көңілді қыс» атты сурет сайысын ұйымдастыру

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сынып жетекшілер өз сыныптары бойынша есептерін берді. 1 «А» сынып жетекшісі Тілеуова Орынша Қасымханқызы өз сөзінде сыныбындағы бес оқушы оқу, жазу білетіндігін сонымен қатар сұрақтарға толық жауап беретінін айтып өтті. 2 «А» сыныбында барлығы төрт оқушы 50 пайызды көрсетіп тұр. 3 «А» сыныбы бойынша екінші тоқсан бойынша бір үздік, бір жақсы оқушы қатардан түсіп қалды. Сынып жетекшісі Жумабекова Нұрғайша Қабыкенқызы осы аталған оқушылармен пән мұғалімдері жеке жұмыс жүргізіп жатқандығын ескертті. 4 «А» сыныпта барлығы 9 оқушы болды. Білім көрсеткіштері ІІ тоқсанда 66% көтерілді.

Сонымен қатар бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі «Білім еліне саяхат» тақырыбында бастауыш апталығы өткенін айтып өтті. Бұл апталықта пән мұғалімдері толықтай қатысып, өз пәндерінен ашық сабақ берді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сынып жетекшілері жоспар бойынша сынып сағаттарын өткізгендерін, сонымен қатар сыныптан тыс іс-шараларға қатысқандықтарын айтып өтті. Бастауыш сынып оқушылары онлайн сайыстарға қатысып, жүлделі орындармен марапатталды.

Бастауыш сыныптар бойынша Жумабекова Н.Қ. «Математика және логика» сайысын өткізгені туралы есебін берді.

Үшінші мәселе бойынша Тілеуова Орынша Қасымханқызы өзінің жұмыс тақырыбы бойынша «Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін арттыру жолдары» атты баяндамасын оқып, ойымен бөлісті.

Төртінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Хамитова Ляззат Аманбайқызы оқушыларға қысқы демалыста сурет сайысын ұйымдастыруға ұсыныс жасады.

Бірлестік отырысының шешімі:

1. Бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыру;
2. Бастауыш сынып мұғалімдеріне аудандық, облыстық сайыстарға қатысу;
3. Оқушыларды мектепішілік және аудан көлемінде сайыстарға қатыстыру, жүлделі орындарға талпындыру, қосымша дайындық жүргізу;
4. Республика көлемінде ақысыз онлайн сайыстарға, пәндік олимпиадаларға қатыстыру

Ә.Б жетекшісі :  Л.А. Хамитова
Бірлестік хатшысы:  Тілеуова О.Қ.

**«Күншалған ауылының ЖОББМ»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің бастауыш сынып
бірлестігінің №4 хаттамасы
«18»наурыз 2025 ж**

Қатысқан-5

Күн тәртібінде:

1. 1 «А» және 4 «А» сынып оқушыларының білім деңгейін тексеру.
2. Дүниетану пәнінен апталық өткізу.
3. 4 сынып оқушыларының орта буынға көшуіне байланысты, орта буын мұғалімдерімен тәжірибе алмасу, сабақтарға қатысу.
4. Дарынды оқушылармен жоспарланған жұмыстардың нәтижесі.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша 1«А» және 4«А» сынып жетекшілері өз сыныптары туралы есептерін берді. 1 «А» сынып жетекшісі Тілеуова Орынша Қасымханқызы өз сыныбында 5 оқушының білім деңгейі жақсы екенін айтты. Бес оқушы оқу, жазу біледі және сұрақтарға толық жауап береді.

4 «А» сынып жетекшісі Хамитова Ляззат Аманбаевна өз сөз кезегінде, сыныбындағы 8 оқушының оқу үлгерімі жақсы екенін айтты. 4 сыныпта екі үздік, үш жақсы оқушы бар.

Екінші мәселе бойынша Сағынбаева Гүлмира Амантаевна өзінің жұмыс тәжірибесімен бөлісті.

Үшінші мәселе бойынша мұғалімдер қатысқан сабақтарын талқылады. Алған тиімді әдістерін, алмасқан тәжірибелерін ортаға салды.

Төртінші мәселе бойынша сынып жетекшілері өз сыныптарында оқушыларының жеткен жетістіктерін көрсетті.

Бірлестік отырысының шешімі:

1. Бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыру;
2. Бастауыш сынып мұғалімдеріне аудандық, облыстық сайыстарға қатысу;
3. Оқушыларды мектепішілік және аудан көлемінде сайыстарға қатыстыру, жүлделі орындарға талпындыру, қосымша дайындық жүргізу;
4. Мұғалімдер өзара сабаққа қатысу, тәжірибе алмасу;

Ә.Б жетекшісі :  Л.А. Хамитова
Бірлестік хатшысы:  Тілеуова О.Қ.

Қатысқан-5

Күн тәртібінде:

1. 2024-2025 оқу жылындағы атқарылған әдістемеліктің жұмыс есебі;
2. Мектеп жанындағы жазғы демалысты ұйымдастыру
3. Келесі оқу жылының жоспарын құру.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әдістемелік бірлестік жетекшісі Хамитова Л.А. жыл бойы атқарылған жұмыстың есебін берді. Жыл бойына оқушылар мен ұстаздардың жеткен жетістіктері, марапаттары айтылды. осы оқу жылында үш ұстаз Хамитова Л.А., Жумабекова Н.Қ, Тілеуова О.Қ білім санаттарын көтеріп, педагог-сарапшыға өтті. Сагинбаева Г.А. педагог-зерттеушіге өтті.

Екінші мәселе бойынша мектеп жанындағы лагерь бірінші маусымнан басталатын болды. Тәрбиешілері:Хамитова Л.А мен Жумабекова Н.Қ .

Үшінші мәселе бойынша келесі оқу жылына бірлестік мүшелері ақылдаса отырып, жоспар құрды.

Бірлестік отырысының шешімі:

- 1.Мектеп жанындағы жазғы лагерьге қатысу;
- 2.Келесі оқу жылында білім сапанын арттыру
- 3.бастауыш сынып мұғалімдеріне сайыстарға,олимпиадаларға қатысу.

Ә.Б жетекшісі :

Л.А. Хамитова

Бірлестік хатшысы:

Тілеуова О.Қ.